

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті бөлімшелері арнайы көлік құралдары тиесілілігінің заттай нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 29 наурыздағы № 141 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 30 наурызда № 22422 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2025 жылғы 29 мамырдағы № 214 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.05.2025 № 214 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 69-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті бөлімшелері арнайы көлік құралдары тиесілілігінің заттай нормалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі

Ю. Ильин

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрінің
2021 жылғы 29 наурыздағы
№ 141 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік
комитеті бөлімшелерінің арнайы көлік құралдары тиесілігінің заттай нормалары

Ескерту. Заттай нормалары жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар
министрінің 25.06.2024 № 246 бұйрығымен.

Атауы	Арнайы көлік құралының функционалдық мақсаты	Арнайы көлік құралдарын пайдаланатын мемлекеттік мекемелер	Өлшем бірлігі (дана)	Максималдық жылдық пайдалану нормасы (бір автомобиль)	Қызмет мерзімі (жыл)
1	2	3	4	5	6
Арнайы көлік құралы	Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру үшін (қауіпті өндірістік объектілердегі авариялар, оқыс оқиғалар кезінде туындайтын қауіпті өндірістік факторлардың қызметкерлер мен халыққа зиянды әсерінің алдын алу)	Орталық аппарат	1	40 000 км	13
		Абай облысы	2	40 000 км	13
		Ақмола облысы	3	40 000 км	13
		Ақтөбе облысы	2	40 000 км	13
		Алматы облысы	2	40 000 км	13
		Атырау облысы	3	40 000 км	13
		Ш ы ғ ы с Қазақстан облысы	3	40 000 км	13
		Жамбыл облысы	2	40 000 км	13
		Жетісу облысы	1	40 000 км	13
		Батыс Қазақстан облысы	2	40 000 км	13
		Қарағанды облысы	3	40 000 км	13
		Қызылорда облысы	2	40 000 км	13
		Қостанай облысы	3	40 000 км	13
		Маңғыстау облысы	2	40 000 км	13
		Павлодар облысы	3	40 000 км	13
		Солтүстік Қазақстан облысы	2	40 000 км	13

		Түркістан облысы	3	40 000 км	13
		Ұлытау облысы	3	40 000 км	13
		Астана қаласы	2	40 000 км	13
		Алматы қаласы	2	40 000 км	13
		Шымкент қаласы	1	40 000 км	13
Н о р м а көрсеткішінің саны бойынша жиыны	-	-	47	-	-
Ескертпе: * арнайы көлік құралы - өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыруға арналған жеңіл автомобиль базасындағы көлік құралы (қауіпті өндірістік объектілердегі авариялар, оқыс оқиғалар кезінде туындайтын қауіпті өндірістік факторлардың қызметкерлер мен халыққа зиянды әсерінің алдын алу).					